



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



**«Ә. БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ»** атты  
Республикалық ғылыми-теориялық конференция

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, Қазақстан, 4 қараша, 2016 жыл



## **МАТЕРИАЛЫ**

Республиканской научно-теоретической конференции  
**«А. БУКЕЙХАН И ПРОБЛЕМЫ  
НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО  
ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ»**

Алматы, Казахстан, 4 ноября 2016 года



## **MATERIALS**

of the Republic scientific and theoretical conference  
**«A. BUKEIKHAN AND PROBLEMS OF THE  
NATIONAL-LIBERATION MOVEMENT IN KAZAKHSTAN»**

Almaty, Kazakhstan, 4 November 2016

**Жалпы редакциясын басқарған**  
Мұтанов Ғ.М. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі

**Жауапты редакторлар:**  
Рамазанов Т.С. – ҚазҰУ, ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі  
Кәрібаев Б.Б. – Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі

**Құрастырушы**  
Байдавлетова М.Д. – Қазақстан тарихы кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, PhD

«Ә. Бөкейхан және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы, 4 қараша 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 165 б.

**ISBN 978-601-04-1906-3**

«Ә.Н. Бөкейханның 150 жылдығына», «1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» толуына орай ұйымдастырылып отырған конференция материалдарының жинағына шетелдік және отандық ғалымдардың қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен олардың жетекшілері туралы және Ә.Бөкейхан мен XX ғ. басындағы қазақ ұлтының саяси қайраткерлерінің өмірі мен саяси-қоғамдық қызметтері туралы зерттеулері топтастырылды.

Жинақ тарихшы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне және тарихқа қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған.

Баяндама мәтіні мен мазмұнындағы қателер үшін автор жауапты.

**ISBN 978-601-04-1906-3**

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

получило непоправимый удар; в ходе посевной кампании происходило уравнильное перераспределение сельхозинвентаря русской деревни. Что касается скотоводческого и промыслового хозяйства, то оно понесло за годы революции и гражданской войны тяжелый удар: крупные стада частью были национализированы, частью расплылись. Вьючный транспорт, содержавшийся ранее русскими, находился на грани гибели, количество пасек сильно уменьшилось. В этом сказалась карательная политика Советской власти и инстинкт самосохранения русского крестьянина, который вынуждал его делить свое хозяйство, сокращать производство и даже просто раздавать свои излишки. Следствием такой политики Советской власти стало противодействие ей со стороны крестьян. ЦК КПТ отмечал, что настроение русского населения подавленное, неуверенное и, конечно, враждебное вследствие приказа обкома партии и ТурЦИКа о выселении самовольцев и кулаков, это вызвало брожение среди русского населения, даже доходило до активного сопротивления [15].

#### Список использованных источников:

1. Цит. по: Марченя П.П., Разин С.Ю. Теоретический семинар «Крестьянский вопрос в отечественной и мировой истории». //Крестьяноведение. История. Современность. Ученые записки. 2012. Вып.7. – М.: издательский дом «Дело» РАНХиГС, 2012. С.379.
2. Мийманбаева Ф.Н. Крестьянское хозяйство в 20-х годах XX в. в Семиречье. //Материалы международной научно-практической конференции «Мировое сообщество и Казахстан в условиях современной глобализации и интеграции. 20-21 ноября 2014 г. – Алматы, 2014. С.115.
3. ЦГА РК. Ф.И-74. Оп.1. Д.284.Л.50.
4. ГААО. Ф.136. Оп.1. д.21. л. 53, 54, 54 об.
5. ГААО. Ф.136. Оп.1. д.6. л. 103 об.
6. ГААО. Ф.136. Оп.1. д.21. л. 58 и об.
7. АП РК Ф. 666. Оп. 1. Д. 198. Л. 26 об.
8. Мийманбаева Ф.Н. Крестьянское хозяйство в 20-х годах XX в. в Семиречье. //Материалы международной научно-практической конференции «Мировое сообщество и Казахстан в условиях современной глобализации и интеграции. 20-21 ноября 2014 г. – Алматы, 2014. С.116
9. Мийманбаева Ф.Н. Обыденное сознание крестьян-переселенцев Семиречья в первые десятилетия XX века. //Вестник КазНУ. Серия историческая. № 3(74). – Алматы, 2014. С.75.
10. ГААО. Ф.И-136. Оп.1. Д.21. Л.60 об.
11. Мийманбаева Ф.Н. Крестьянство Семиречья в годы гражданской войны. //Материалы международной научной конференции «Проблемы современной исторической науки: новые направления и подходы» 21-22 мая 2010. – Алматы, 2010. С 220..
12. АП РК. Ф. 666. оп. 1. Д. 36. л. 6 об.
13. АП РК. Ф. 666. Оп. 1. Д. 114. Л. 6, 7, 8, 11.
14. ЦГА РК. Ф.И-74. Оп.1. Д.284.Л.53.
15. АП РК. Ф. 666. Оп. 1. Д. 178. Т. 1. Л. 135, 136.

## 1916 ЖЫЛҒЫ ЖЕТИСУДАҒЫ ҚАСТЕК КӨТЕРІЛІСІ

**С. Смағұлов,**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы*

XX ғасырдың басында Ресей империясының Қазақстандағы отарлық саясаты одан әрі күшейе түсті. Өлкеде ұлттық езгі өте ауыр болды. Патша үкіметі қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алды, отарлау саясатының құрамдас бөлігі болған орыс шаруаларын қоныс аудару жаппай сипат алды. Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының басым бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, халықты рухани езгіге де түсірді: оны тілінен, дінінен, ділінен айыру бағытында жымысқылықпен ойластырған шаралар жүйесін жүзеге асырды. Ұлттық және әлеуметтік езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен аш-жалаңаштықтың етек жаюы – міне, осының бәрі халықтың басым көпшілігі тарапынан жаппай наразылық туғызды. 1914 жылы басталған Бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты тонау мен қанау күшейе түсті. Әртүрлі салықтардың мөлшері артып, жаңа салықтар енгізілді.

Көтерілістің бұрқ ете қалуына патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы Қазақстанның, Орта Азияның және ішінара Сібірдің “бұратана халықтарының” 19 бен 43 жас арасындағы ер азаматтарын майданның тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстарын және әскери қатынас жолдарын салуға, окоптар қазуға, т.с.с.) “реквизициялау туралы” жарлығы тікелей сылтау болды. Жарлық бойынша тыл

жұмыстарына Қазақстан мен Орта Азиядан 400 мың адам, соның ішінде қазақтардан 240 мыңға жуық кісі алу белгіленді.

Патшаның зілді бұйрығы шілде айының басында Верный уезі Батыс Қастек болысы жұртына да келіп жетеді. Жарлықпен таныстыру үшін болыс басшылары Шығыс Қастек, Батыс Қастек, Шиен болыстарының адамдарын жинап, жалпы жиналыс өткізеді. Онда осы аймаққа беделі мен ықпалы бар Сарымсақ Шынтеміров, Ахмет Қожамқұлов, Сейдалы Садыбеков, Нақысбек Қанаев, Досқожа Қашағанов, Нүке Сатыбеков, Қашаған Рысқұлбеков, Тайжан Шынтеміров, Бейсебай Қасқарауов, Әбдікерім Сәмбетов, Рахмат Андосов, Керімбай Қожамбердиев, Алакүшік Ұлтанов, Сандыбай Жаманқұлов сияқты азаматтар сөз сөйлеп, әскерге адам бермейтіндіктерін, патша жендеттеріне қарсы шығудың керектігін ашық айтады.

Бұл кезде болыстар әскерге алынатындардың тізімін жасап та қойған еді. 200-ден астам тізімге іліккен адамның аты-жөні осы жиналыста оқылады. Олардың көпшілігі кедей, жарлы-жақыбайлардың балалары еді. Жалпы жиналыс таяу арада көтеріліс жасау керек деп шешеді. Көршілес жатқан болыстарға адамдар жіберіледі. Нұрғожа Түргенбаев, Көкбай Қасқоров, Рысжан Елекенов сияқты ұсталар найза, қылыш, айбалта, шоқпар жасауға кіріседі [1]. Ұрыс жоспары жасалып, патша солдаттары бекінген Шиен, Бұрған бекеттеріне шабуыл жасап, басып алу белгіленеді. Жұрт осы көтерілістің басшылары, қолбасшылары етіп Сатай Көбегенұлы Қарашевті және осы өңірге белгілі аңшы-мерген Нүке Сатыбековті сайлайды. Көтерілісшілерде отты қару жоқтың қасы еді. Тек Нүке Сатыбеков бастаған бірнеше адамда ғана мылтық болған.

Үкімет жансыздары арқылы дайындалып жатқан көтеріліс туралы біліп алып, оның алдын алу шараларын ұйымдастырады. 1916 жылы 6-тамызда Қастекке Верныйдан қаруланған 250 адамдық жазалаушы отряд шығарылады. 7-тамыз күні ұзынқұлақтан хабар алған жергілікті ел-жұрттың қару ұстауға жарарлық азаматтары Шиен маңындағы Қаратөбеге жиналады. Жиналған мыңнан аса сарбаз үш топқа бөлініп, патша отрядына жан-жақтан шабуылға шығады. Сатай Көбегенұлы 200 жігітпен сақадай-сай қаруланған жауға қарсы шабады. Ер Сатайға оқ тиіп, ат үстінен аударылып түседі. Көтерілісшілер қаптал тұстан да лап береді. Бірақ жазалаушы топ көтерілісшілерді жаңбырдай жауған оқпен қарсы алады. Осы ұрыста ер Сатай бастаған оннан астам азамат ерлікпен қаза табады. Солдаттар да шығынға ұшырайды. Ұрыс барысында Нүке Сатыбеков бастаған мерген аңшы жігіттер Шиен мұжығы Москаленконы, жазалаушы отряд басшысы Пешковты атып өлтіреді [2]. Батыс Қастек, Шиен болыстарындағы көтерілістер осылайша аяқталады. Қарусыз халық амалсыздан таутасқа шегінуге мәжбүр болады.

Патша әскерлері кейіннен Суыктөбеге қарай шегініп, қырғыз аспақ болған топты қуып жетіп, атқылап, қанды қырғын салады. Көтеріліс басылған соң оның ұйымдастырушылары болған бір топ азаматты патша әскерлері тұтқынға алып, тергеп, сотқа тартады. Көпшілігін дарға асу арқылы өлім жазасына кеседі. Тек, 1917 жылғы патша өкіметін құлатқан Ақпан революциясынан кейін Уақытша үкімет бұл шешімді өзгертеді. Түрмедегі Қастек көтерілісінің жетекшілері босатылады.

Міне, осы Батыс Қастек, Шиен болысындағы 1916 жылдың тамыз айында болған ұлт-азаттық көтерілістің жайын ұлы ақын Жамбыл Жабаев өзінің «Зілді бұйрық» деген өлеңінде былай баяндайды:

Шиенде де әскерлермен ұрыс болды,  
Сол ұрыста топ басы Саттар өлді [3].  
«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар,  
Ел елдерге жайылды оң мен солды.  
Шұбырып тауға қарап ел жөнелді,  
Не боларын соңынан кім біледі?  
Тауға қашып өрмелеп тасқа бұғып,  
Елдің бәрі жанынан түңілді енді.  
Ертеңінде ел-елге әскер барды,  
Шапшаң түсіп, келсін деп хабар салды.  
«Қашқындарды атады» дегеннен соң,  
Таудағылар кірер жер таба алмады.  
... Аттандық ұлығының қонысына,  
Елді сорған борсықтай болысына.  
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,  
Көксеген азаттықтың соғысында [4].

Жамбыл ел қамы үшін, халықтың басына келген ауыртпалыққа қатты күйзелген, әсіресе ер азаматтар Бекболаттың, Сатайдың көтерілуі, олардың оққа ұшып, дарға тартылуы аса күңіrentкен.

Жамбылдың жан күйін онан сайын ауырлатқан жағдай – халықтың босып Қытайға қарай ауғаны, қалған елге солдат шығып, ойына келген зорлық, зомбылықтың жасалуы.

Міне, осы көтерілісті жырлап қана қоймай, оған тікелей қатысқан Жетісу ақындарының бірі – Мақыш Райымбекұлы. 1916 жылғы көтеріліс кезінде Алматы облысы, Жамбыл ауданында туып-өскен, Жамбылдың шәкірттерінің бірі, палуан, ақын Мақыш Райымбекұлы жасақ құрып, Бекболат, Сатай батырлармен бірге патша өкіметіне қарсы шығады [5]. 1916 жыл оқиғасына қатысты бір өлеңінде:

«Мұсылман еркі кетті баласынан,  
Сөзімнің ғибрат ал сарасынан.  
Патшамыз бұйрық қылды солдат бер деп,  
Отыз бір он тоғыздың арасынан.  
Осыған тірі отырып көнеміз бе?  
Іріктеп бар боздақты береміз бе?  
Болмаса елдік қылып, тізе қосып  
Батырға топ бастаған ереміз бе?» –

деп, атылған оққа кеудесін төсеп, қарсы шыққан Мақыштың солдатқа алынар өз баласы жоқ еді. Ол елі үшін басын бәйгеге тігіп отыр.

Осы Мақыш ақынның 1916 жылғы Жетісудағы, соның ішінде Қастек көтерілісіне қатысы туралы белгілі жазушы Сапарғали Бегалиннің «Жамбыл» атты өмірбаяндық хикаятында біраз мәліметтер беріледі. Мысалы, онда былай делінеді: «Жамбылдың өзіне жақын ағайыны әрі ақын, балуан сері жігіт Мақыш осы көтерілісте жігіттерді бастап, сол жылы Жетісу елін көтеріліске бастаушылардың бірі Бекболатқа және сол жылы көтеріліс бастағанның бірі Сатай батыр, осыларға барып қосылған. Мақыш өмір бойы Жамбылмен бірге болған. Өте қадірменді шәкірттерінің бірі. Сол Мақыштың көтерілісті бастап Сатайға қосылған жігіттерінің ішінде Жамбылдың өз балалары да болған» [6].

Мақыш Райымбеков туралы деректер бір табылса, 1916 жыл оқиғасына қатысты архивтік материалдар ішінен табылады. Әйгілі июнь жарлығынан кейін ел дүр көтерілді. Алматы облысының Жамбыл, Қарасай ауданындағы елдің біразы Бекболат Әшекеев бастаған көтерілісшілерге қосылса, Ұзынағаш өзенінің батысындағы ел Сатай Көбегенов бастаған көтерілісшілер құрамында болды. Осы көтеріліске Екей руының жігіттерін бастап Мақыш та белсене қатысты. Ел арасында Сатай оққа ұшқан кезде Мақыш оның денесін сол жерден алып шыққан деген әңгімелер айтылады. Мақыштың Сатай батыр туралы дастаны болғаны жайында да деректер бар.

Жамбыл ақындық мектебінің ескерілмей келе жатқан тағы бір өкілі – Өтеп Оңғарбаев (1899–1946). Шығармалары ҚР ҒА Ғылыми кітапханасының, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақталған. 1937–1938 жылдары қазақ, орыс тілдерінде шыққан жинақтарға кірген.

Өтептің «Мақыш батыр» поэмасында батырдың елдің малына маза бермеген сырттан қасқырды да, елді атып-шауып, маза бермей қорлық көрсетіп жүрген орыс офицерін жазалағаны суреттеледі:

...Әні-міне дегенше,  
Көзді ашып жұмғанша,  
Жетіп барды ер Мақыш.  
Құтқармады қолынан,  
Арам ой, сасық денені.  
Бірінде қылыш, қару көп,  
Бірінде жалғыз камшы-ақ бар,  
Қараңғыда кездесті,  
Ал, қайсысы жеңеді?  
Көргенімді жыр қылам:  
Жетіп келіп ер Мақыш,  
Қатты ақырып жіберді,  
Сілкінді аспан жер менен.  
Қараңғы кешкі майданда  
Жолыққанын байқады,  
Жауына тізгін бермеген.  
Қасқырдан да қауыпты,  
Айуаннан да аяусыз  
Алдында жауы көрмеген.

Қасқырдай емес қайраты,  
Қанға бояп кетеді,  
Оқ пен қылыш сермеген.  
Айдалада қалмай ма,  
Бірге зарлап ел менен.  
Жылан бауыр қамшыны  
Толғай сілтеп түйіліп,  
Тартып келіп жіберді,  
Тап бергенде шап беріп,  
Маңдайдан тура көздеген.  
Үстінде шені жарқырап,  
Ұшып түсті офицер,  
Арғымақтан көлденең.  
«Сағынғандай» өкіріп,  
Құшақтасты жерменен.  
Маңдайынан қан шығып,  
Кеудесінен жан шығып,  
Омыртқасы ұн болып,  
Қабырғасы күл болып,  
Басы айқасты белменен,  
Бүктетілген офицер  
Несі қалды өлмеген,

– деп, Мақыш ерлігінің бір эпизодын көркем шығармаға айналдырған. М. Әуезовтің «Ол күнгі Алматы» атты әңгіме-очеркінде «Кеше Боралдай төбеде Ұзынағаш, Қастектің сегіз жігітін, Бекболатты дарға асты» деген жол бар. Дәл осы деректі Ілияс Жансүгіровтың Алматы қаласы тарихына қатысты мақаласынан да кездестіреміз.

Мақыштың соңғы дерлік шығармасы, көлемді қоштасу өлеңінің бір шумағында Бекболат батырмен тізе қосып, бас түйістіріп бірге соғысқаны туралы былай дейді:

Түс көрдім... О, тоба, жаман ырым,  
Бекболатым шақырад тілім-тілім.  
Сол батырмен кәпірді көп қырып ем,  
Жаламенен біткені-ау менің күнім.

Мақыш көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін тауда, қырғыз жақта жүрген. Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесінің әсері болуы керек, Қарқара – Албан көтерілісінің тарихы жайлы Сейдәлім Тәнекеевтің екі кітабы, Т.Жұртбайдың «Бейуак» монографиясының бір тарауы жан-жақты, мұқият деректер берген. Аталған көтерілістерден бірер күн бұрын басталған, орыс әскерін шығынға көбірек ұшыратқан, Алматыдан Қордайға дейінгі телеграф желісін түгелдей істен шығарған Ұзынағаш, Қастек көтерілісі мүлдем зерттелген жоқ деуге болады. Осы бағытта зерттеулер жүргізілсе, Мақыш туралы да деректер табылуы керек [7].

Осы көтеріліске байланысты кезінде көптеген өлең-жырлар шықты. Олардың көпшілігі уақыт өте фольклорға айналып кетті. Көтеріліске тікелей қатынасушы Мақыш Райымбекұлы кезінде көтеріліс басшыларының бірі – Сатай батыр туралы дастан шығарған. Ол қазақстандық оқырмандарға әлі толық таныс емес. Осындай дүниелердің қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны мен олардың көтеріліс тарихнамасына қатысы мен дерек көздері ретіндегі маңызын да ғылыми тұрғыдан қарастырған жөн деп білеміз.

Әрине, күш тең болмағандықтан бақайшағына дейін қаруланған патша өкіметінің жазалаушы әскерлері тарапынан Жетісудың басқа аймақтары сияқты Қастек көтерілісі де қатаң басып-жаншылды. Дегенмен, 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алды. Бұл көтеріліс Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың одан әрі асқына түсуіне себепші болды. Ол түптеп келгенде 1917 жылғы ақпанда Ресей империясында монархиялық билік жүйесінің құлауын жақындатқан себептердің және жалпы шығыстың отар халықтарының (Қытай, Парсы, Үндістан, т.б.) империалистік езгіге қарсы XX ғасырдың басында өріс алған бүкіл ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі болды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г. Сборник воспоминаний и материалов. – Алматы, 1937. 142-б.
2. Восстание 1916 года в Казахстане. Документы и материалы. – Алматы, 1947. 122-123-бб.
3. Саттар – Сағай болуы керек.
4. Ж.Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, 1982. 61-б.
5. Жетісу. Энциклопедия. – Алматы, 2004. 441-б.
6. Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы, 1996. 128-б.
7. Әбдіғұлов Р. Біз Мақышты білеміз бе? – Қазақ әдебиеті, 30 мамыр 2014 жыл.

### ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВТЫҢ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Хақан Ас,

Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ докторанты (PhD)

Қожықов Қоңырқожа – Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалысқа белсене араласқан тұлға. Түркістан мұғалімдер семинариясын бітіріп, өлкеде ағартушылық жұмыстармен айналысқан оның 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты атқарған жұмыстары арнайы қарастыруды қажет етеді.

Осы ұлт-азаттық көтеріліске дейін Түркістан өлкесінде ұлт қайраткерлері отаршылдыққа қарсы саяси күрестің дәлелдерін айқындап, билік институттарын конституциялық жолмен реформалау идеясы қалыптастыра бастаған еді. ХХ ғасырдың бас кезі Ресей отарындағы түркі халықтарына саяси-әлеуметтік сілкіністер алып келген сындарлы кезең болғаны белгілі. Орта Азия мен Қазақстан жеріне капталистік қатынастардың дендеп енуі отарлық және ұлттық езгіні барынша күшейте түскен еді. Ұлттық тәуелсіздік жолында стихиялық басқөтерулердің күні өткені, әсіресе 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің аяусыз басып-жаншылуынан айқын көрінген болатын [1, б.100]. Осы көтерілістің алдында түркістандық ұлт зиялылары саяси күрес тәсілдеріне басымдық бере бастады. Ол істі жәдитшілер қолға алды. Осы саяси қызметтің басында түркістандық жәдитшілер Бахмутқожа Бехбуди, Мұнауар Қары Абдрашитханов, Фитрат, Убайдулла Қожаев, Абдулла Аблони сияқты танымал тұлғалар тұрды. Олар ағартушылық саласында жаңа тәсілді мектептер ашып, ұлттық басылымдар шығару сияқты орасан зор мәдени ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізумен бірге жергілікті тұрғындардың саяси санасын көтеруге қатысты да жұмыстарды қолға алған болатын. Қоңырқожа Қожықов та қазақтар арасынан шыққан санаулы жәдитшілердің бірі ретінде осы саяси үдеріске белсене араласты.

Түркістандағы ұлт зиялылары Ресей императоры II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы бұратана халықтарды майданның кара жұмысына алу жөніндегі жарлығын үлкен наразылықпен қарсы алды. Бірінші дүниежүзілік соғыста материалдық, қаржылық және адам ресурстарын сарқып алған Ресей билігі амалсыздан барған бұл қадам Түркістан өлкесі халықтарының ашу-ызасын тудырып, отарлық биліктің озбырлық саясатын деген қарсылығының ұлт-азаттық көтеріліс түрінде бұрқ ете қалуына негіз болды.

Бұл ұлт-азаттық көтерілістің тарихи алғышарты Түркістан өлкесінде отарлық биліктің жүргізген озбырлық саясатынан туындайтын еді. Бұндай озбырлықтың шектен шығуы ХХ ғасырдың басынан бастап столыпиндік реформа барысында шұғыл түрде жүргізілген қоныстандыру саясатынан көрініс тапты. Айталық, Жетісу облысында 1916 жылы суармалы егістік көлемі 2635389 десятина болса оның 1900 мыңы немесе 57,6 пайызы орыс тұрғындарының қолына шоғырланды. Яғни, әрбір орыс тұрғыны 3,17 десятинадан жер иемденсе, ол көрсеткіш жергілікті халыққа 0,21 десятинадан ғана келетін еді [2, б.24]. Осыған байланысты Әлихан Бөкейханов былай деп жазады «Соғысқа дейін орыстың егіншісі қазақ-қырғыздардың жерінен таңдап 25 миллион десятина жер алған. 1913 жылы жалғыз Жетісудан егінші орыс 4 миллион десятина жер алған» [2, б.12]. Ал өлкеде егіншілік үшін су көздері маңызды рөл атқаратындығын ескерер болсақ, орыс тұрғындары су көздерін иемденуде де ерекше басым құқықтарға ие болатын. Осылайша құнарлы егістігі, шұрайлы шабындығы және су көздерінен айрылған жергілікті халықтың қоныстанушыларға деген жеккөрініш сезімі күн өткен сайын арта түскен еді. Бұндай саяси-әлеуметтік ахуалдың көтеріліске ұласуына айтып отырған жарлық сылтау ғана болды.

«Патша әскері немістен гөрі қарусыз қазақ-қырғызбен соғысқанды сүйеді. Жызақ деген өзбек қаласын жермен-жексен қылады» [2, б.14] дей келіп «Қазақ-қырғыз, өзбек, тәжік, өзге елдің патша үкіметіне қарсы тұрып соғыс ашқаны тарихтан орын алады» [2, б.17] деп баға береді 1926 жылы.

## МАЗМҰНЫ:

АЛҒЫ СӨЗ Ғ.М. Мұтанов .....	3
-----------------------------	---

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Әбжанов Х. «Мәңгілік ел» идеясы: тарихы, мәні, маңызы .....	4
Ислам Жеменей. Тәуелсіздік киесі және тарих .....	7
Абдиров М.Ж. Восстание 1916 года в контексте мировой и региональной истории .....	9
Нәбижан Мұқаметханұлы. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы және мемлекеттік мәдениетті дамыту мәселесі .....	16
Омарбеков Т. 1916 жыл: зерттеушілердің бұрынғы және бүгінгі көзқарастарындағы сабақтастықтар және ерекшеліктер .....	18
Жұмағұлов Қ.Т. Өткен ғасырдың басындағы қазақ зиялылары және түркі тарихының мәселелері жөнінде .....	23
Қалыш А.Б. Отбасы-некелік өмірдегі ажырасу факторлары .....	27
Дүйсембаева Н.Б. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан ғылымының насихатталуы .....	31
Кәрібаев Б.Б. «Мәңгілік ел» идеясы және отандық тарихтың өзекті мәселелері .....	35

### СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕР

#### БІРІНШІ СЕКЦИЯ / ПЕРВАЯ СЕКЦИЯ

##### Ә.Бөкейхан және XX ғ. басындағы ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметтері / А. Букейхан и общественно-политическая деятельность казахской национальной интеллигенции нач. XX в.

Кұрманғалиева-Ержиласун Г. Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің күрескерлігіне салыстырмалы талдау: Әлихан Бөкейхан және Ататүрік .....	39
Түрсүн Х., Таракчы В. Әлихан Бөкейханов және Түркістан мәселелері .....	40
Қаражан Қ.С. Тәуелсіздік жолындағы Алаш зиялыларының күресі .....	43
Мұхатова О.Х. Қазақ зиялылары өкілдерінің тарихи көзқарастары .....	46
Нұрымбетова Г.Р. Ораз Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметі .....	49
Сайлан Б. Садықбек Сапарбекұлы: қысқа ғұмыр .....	54
Жанбосинова А.С. Әлихан Бөкейханов – к горизонттамы независимости .....	56
Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О. XX ғасыр басындағы жер мәселесі .....	61
Муканова Г.К. Центральная Азия и деколонизация: к общности методологии этнических СМИ, начало 20 в. («Айкаш») .....	66
Удербасева С.К. Әлихан Бөкейханов – «қыр баласы» .....	71
Батырбекқызы Г. Назир Торекүлов и национальная интеллигенция в период освободительного движения 1916 года .....	73
Арапов Ж.М. Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіндегі отырықшылық мәселесіне байланысты көзқарастары .....	77
Сайынова Б. Ә. Бөкейханов – Ф. Щербина экспедициясының белсенді мүшесі .....	79

#### ЕКІНШІ СЕКЦИЯ / ВТОРАЯ СЕКЦИЯ

##### 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс және ұлттық мемлекет құру жолындағы күрестер/ Национально-освободительное восстание 1916 г. и борьба за обретение независимости государства

Қундақбаева Ж.Б. Новые подходы и новые пути изучения восстания 1916 года .....	81
Нуртазина Н.Д. Исторические предпосылки борьбы за независимость: религиозно-культурная политика русского царизма и советской власти .....	83
Мийманбаева Ф.Н. Жизнь русских переселенцев в Семиречье после восстания 1916 года .....	87
Смағұлов С. 1916 жылғы Жетісудағы Қастек көтерілісі .....	90
Хакан Ас. Қоңырқожа Қожықовтың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі қызметі .....	94
Шалагин А. Восстание 1916 года в Казахстане – 1 шаг к независимости .....	96